Жергілікті қоғамдастық жиыны отырысының
№ 4 ХАТТАМАСЫ

Янайкин ауылы

2025 жылы 18 қыркүйек

Торағалық етуші : Золотов М.Н.
Хатшысы : Жила Т.П
Қатысқандар :
Аккаирова С.К – округ әкімі
Жергіліктік қоғамдастық жиынының мүшелері - 5 адам

Күн тәртібі:

1. Богатск,Скворкино ауылдарына кіретін жолдарды жарықтандыру бойынша сатып алу әдісін таңдау және бекіту.

Тындалды:

С.Аккаирова - Янайкин ауылдық округ әкімі

1. Бәйтерек ауданы , Янайкин ауылдық округі, Скворкин елді мекенінде 39 аула, 99 тұрғын және Богатск елді мекенінде 18 аула , 45 тұрғын бар екендігін айтты.Сонымен қатар Скворкино, Богатск елді мекендеріне кіре беріс жолдарына көше жарығының керек екенін айтып және екі тәсілмен алуға болатынын айтып , бас маман- есепшіге сөз берді.

2. Ж.Джадырова- Богатск және Скворкино ауылдарының кіреберіс жолдарына жарықтандыруды тендер және бір көзден сатып алу арқылы орнатуға болатының хабарлады. Ауа-райының қолайсыздығын ескере отырып, жыл аяқталуға жақын, бөлінген қаржының уақытылы игерілуі үшін бір көзден сатып алу арқылы ауылдарға жарықтандыруды орнатуды ұсынамын.

3. С.К Аккаирова – ұсыныстар бойынша сауда- саттыққа басқа өңірлерден жергілікті емес өңірлерді де шығуы мүмкін болатынын, мұндай жағдайда олар жұмысты адал атқара алатынын айтты. Сондықтан ол бір көзден сатып алу арқылы ауылдарға кіретін жолдарға жарықтандыру орнатуды да ұсынды.

4. Т.Залмуканов - қоғамдық кеңестің мүшесі.

Бір көзден сатып алу тәсілімен ауылдарға кіретін жолдарға жарықтандыру орнатуға келіскенін айтты .Бірақ жұмыс кезінде жарықтандыру бағандарын жолдан кемінде бір метр қашықтықта орнатуды сұрады.

5. **Золотов М. - қоғамдық кеңестің төрағасы.**

Құрметті жиынға қатысушылар! Скворкин және Богатск ауылдарының кіреберіс жолдарын жарықтандыру керек екені бәрімізге аян сол себепті бәріміз бір ауыздан қолдаймыз деп ойлаймын.

Төрағалық етуші:

Айтылған ұсыныс бойынша дауысқа салайық.
«қолдайды» -бір ауыздан:
«қарсы» -жоқ
«қалыс калды» -жоқ

Отырыс шешімі:

1. Бір көзден сатып алу арқылы Янайкин ауылдық округінің Богатск және Скворкино ауылдарына кіретін жолдарына жарықтандыру орнатылсын.

Төраға **М.Золотов.**

Хатшы **Т.Жила .**